

Подводя итог о необходимости интеграции духовно-моральных ценностей в современное образование, стоит отметить, что сложился ряд определенных причин, таких как

- диалог культур и мировоззрений;
- структуризация человеческих ценностей и моралей;
- толерантность относительно различных взглядов и мировоззрений;
- пробуждение эстетического и творческого характера относительно выполнения обучающих задач;
- неразделимость трех составляющих: обучение, воспитание и развитие;
- интеграция научного мировоззрения и духовно-нравственного бытия учащихся.

В заключении хотелось бы отметить, что в основе содержания интеграции духовно-нравственных ценностей и содержания образования базовыми являются национальные ценности, находящие отражение в социально-исторических и культурных памятниках и наследиях, национальных и семейных традициях многонационального Казахстана, передаваемые от поколения к поколению и обеспечивающие успешное развитие страны в современных условиях.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: Модернизация общественное сознания //Казахстанская правда.-2017.-№71 (13 апреля)
2. Вульфсон Б.Л. Сравнительная педагогика. - М., 2003. – 230 с.
3. Майбуров И. Высшее образование в развитых странах //Высшее образование в России, 2003, №2.
4. Клепиков В. Н. Аксиологическая интеграция как современная образовательная технология по этическому воспитанию школьников // Инновационные проекты и программы в образовании.- 2011.- № 6.- С. 44-48.
5. Роль учителя в программе нравственно-духовного образования «Самопознание»/ - ННПООЦ «Бөбек» - Алматы, 2013.- 104 с.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Нурмаганбетова Марина Кабылгазиновна
Сарыкөл негізгі мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Қарабалық ауданы

Аннотация

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттың алдағы кезеңдегі жүріп өтер айқын жолын көрсеткен тарихи құжатқа айналды. Рухани мәселе адамның санасын күрт өзгерту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы. Осы тұрғыда ұстаздарға қойылатын талап та жоғарылады. Мақала жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік-рухани тәрбие беру, құнды қасиеттерге баулу, рухани бай адамды қалыптастыру жолдары жайлы.

Аннотация

Статья «Перспективы будущего: духовное возрождение» президента Нурсултана Назарбаева стала историческим документом, в котором четко прослеживается прогресс страны в будущем. Духовный вопрос - это самая сложная, самая сложная сфера возрождения общества, в конечном счете резко меняющая человеческое сознание. В этой связи спрос на учителей также увеличился. В статье рассказывается о проблеме современного образования в новом поколении - нравственном и духовном воспитании, привлечении ценных качеств, способах формирования духовно богатого человека.

Abstract

The article "Prospects for the future: spiritual revival" of President Nursultan Nazarbayev has become a historical document, which clearly traces the country's progress in the future. The spiritual question is the most complex, the most complex sphere of the revival of society, ultimately dramatically changing the human consciousness. In this regard, the demand for teachers has also increased. The article describes the problem of modern education in a new generation - moral and spiritual education, attracting valuable qualities, ways of forming a spiritually rich person.

Түйінді сөздер: рухани жаңғыру, болашақ, тәрбие, білім, ұрпақ, адамгершілік, мектеп, оқушы

Ключевые слова: модернизация, будущее, воспитание, образование, поколение, школа, ученик

Keywords: modernization, future, education, education, generation, school, student

Халқымыз тек әлеуметтік-экономикалық, саяси тұрғыдан ғана емес, рухани жаңғыруға да ұлттық бірегейлік тұрғыдан дайын болуы тиіс. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлт болашағының тарихи маңызға ие тағы бір бағдарламасын жасап, бағытын айқындап берді.

Елбасы Ұлттық болмысымызды мәңгілік сақтау үшін рухани жаңғыруда түбегейлі реформаларды жүзеге асырудың мезгілі пісіп жетілгенін айтып отыр. Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қарай қадам басуымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертуіміз керектігі туралы өз көзқарасын білдірді. Мақалада көтерілген әр-бір мәселеге терең мән берсек ұлттық код, ұлттық мәдениет, ұлттық тарихымыздың рухани жаңғыртуға бағытталғанын көреміз. Рухани мәселе - адамның санасын жаңғырту, сайып келгенде, қоғам жаңғыруының ең күрделі, ең қиын саласы.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет мәртебесіне ие болуы, білім беру және мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдардың қабылдануы жастар тәрбиесі мәселесіне жаңаша ойлаумен қарауды талап етеді. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту бағдарламасында «Тәрбие үрдісінде қазақстандық патриотизм, гуманизм, адамгершілік идеяларын қалыптастыру негізінде құру керек» [2] деп баса көрсетті. Бала бойына адамгершілік тәрбиесін сіңіру мақсатында жалпы педагогтардың іс-тәжірибесінде қолданылып жүргені бәрімізге аян.

Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау баршамыздың парызымыз. Кез - келген мектептің мақсаты мен мұраты өркениетті елдердің қатарынан көріну, жер мен қазба байлықтарды ысырапқа салмай игере білетін ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие» - деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымының зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі - тәрбие.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа - адамгершілік - рухани тәрбие беру, құнды қасиеттерге баулу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Бүгінгі таңдағы Қазақстан жайында оқушылардың рухани азаматтық сезімін қалыптастырудың, адамгершілікке негізделген ұлтаралық береке, бірлікті, ынтымақтастықты, бейбітшілікті нығайтудың маңызы зор. Осыған байланысты оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды отансүйгіштікке, ерлікке, адалдыққа, елін, жерін

қорғауға, шыншылдыққа тәрбиелеу қажет. Қазіргі жағдайда рухани - азаматтық тәрбиенің өлшемдік көрсеткіштері:

- Өзін-өзі мемлекеттің азаматы ретінде сезінуі;
- Отанына деген сүйіспеншілік сезімінің болуы;
- Мемлекеттік рәміздер мен халықтың дәстүрлерін білу;
- Халықтың өткен тарихын білудің қажеттілігі;
- Қазақ халқының әдет-ғұрыптарын сақтау, мәдениеті мен дәстүрлерін зерделеу қажеттілігі болып табылады [3].

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптаспай тұрып, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау - адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Қазір қоғам жан-жақты үйлесімді жетілген жаңа ұрпақты – жаңа адамды тәрбиелеуді талап етеді. Қоғам талабы – заман талабы. Өйткені «Әр адам - өз заманының баласы».

Оқушының жасын, жеке ерекшелігін, психикалық процестерін ескере отырып, заман талабына сай жетілген ұрпақ тәрбиелеу үшін мынадай міндеттерді орындауымыз керек:

- еңбексүйгіштікке, еңбекті қажетсінуге баулу, күнделікті өмірін мәнді ұйымдастыру;
- тұрмыстағы, үй шаруашылығындағы еңбекке құлшынысын арттыру;
- өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйрету;
- отбасы мүшелерімен өзара дұрыс қарым-қатынасын, тіл табысып, түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап, құрмет тұтуға үйрету;
- оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- оқушының сана-сезім, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, шығармашылық қабілетін ашу, қозғау салу;
- оқушылардың сабақтар бойынша алған білім, білік дағдыларын одан әрі дамытып, тереңдету, өздігінен жұмыс істеу қабілетін ашу;
- оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау, бағалауға үйрету;
- оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік мәнін оятуға бағдар беру.

Әрбір адамның, азаматтың, оқушының жанын, рухын, санасын сауықтыруға мемлекет, әрине мүдделі, сондықтан бұл мәселені білім берудің барлық деңгейлерінде шешуді көздейді. Осыған байланысты төмендегідей түйінді сөздердің мәні мен мағынасын қайта қарап, айқындау қажеттігі туады. Білім беру тұжырымдамасының оқытудың рухани адамгершілік мәдениетінің тұрғысынан алғандағы ізгіліктілігі, функциялылығы және табиғилығы:

- Ізгіліктілік бала ретінде индивидтің адамгершілік-эстетикалық белгілерін, оқушы ретінде даралықтың моральдық белгілерін бойына сіңірген белсенді әрі шығармашыл тұлғаның дамуы үшін тұрақты жағдай тудыру міндеттерін назарда ұстайды.

- Оқыту мәдениетінің функциялылығы педагогтердің де, оқушылардың да адамгершілік-әдептілік біліктілігін қалыптастыруға бағытталады. Оқыту мәдениетінің рухани – адамгершілік негіздерін қалыптастырудың функциялық мәнділігі мынаған бағдарланған:

- білім беру үрдісі субъектілерінің тұлғааралық қатынастарының рухани өрлеу тұрғысынан жаңарту;

- оқу әрекетінің психологиялық-педагогикалық қана емес, адамгершілік негіздерін де анықтау;

Тәрбиедегі басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көмектеседі, солар арқылы ол жалпы азаматтық мәдениетке аяқ басып, өз халқының мәдени игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұрпақ өз кезімен өткеннің тағдыры мен талаптарын, объективті факторлар ретінде ұсынып, сол арқылы ұрпақты өмірге даярлап, оларды жинақталған бай тәжірибе негізінде тәрбиелей отырып, өзінің ата-аналарының рухани мұрасын игере түсуі керек” екені айтылған [4].

Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Осы тұрғыда ұстаздарға қойылатын талап та жоғарылады. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, алған білімін шынайы өмірмен ұштастырып, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбеленуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат – міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, иманды, мәдени – ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – ұстаздардың қоғам алдындағы борышы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар.// Егемен Қазақстан газеті. 26 сәуір, 2017.
2. ҚР білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы. www.government.kz// 27 қыркүйек, 2013.
3. Кабажаев Е.Е. Рухани жаңғыру білім мен біліктің дамуы. <https://ust.kz/> 15 қараша, 2017.
4. Дармағамбетова Б. Б. «Қазақ отбасындағы адамгершілік – рухани тәрбиенің маңыздылығы». <https://bilimger.kz/> 10 қазан, 2017.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Омарова Айгүл Алиакбаровна
Ишманова Майра Жумағалиевна
Мусина Гулнур Алтайевна
Акмағамбетова Лязат Аманболғановна
қазақ тілі мен әдебиет пәндерінің мұғалімдері,
№22 ОМ, Қостанай қ.

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада жас ұрпақтың рухани құндылықтары мен басымдықтарын қалыптастыру туралы мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты міндетін қалыптастыру жолдары туралы айтылады.